

**«Наурыз-Бану» бөбекжайы Жеке мекемесі**

# **Педагогикалық кеңестер**

(Педагогикалық кеңестің жоспары,  
педагогикалық кеңестің хаттамалары)

**2021-2022 оқу жылы**

**«Бекітемін»**  
**«Наурыз-Бану» бебекжайының**  
**менгеруші:**  
  
**Ж.М.Бердиева**

## 2021-2022 оқу жылының педагогикалық кеңесінде карастырылатын мәселелері.

### **Педагогикалық кеңес № 1**

**Тақырыбы:** «Жаңартылған бағдарламаға сай мектепке дейінгі ұйымдарда оқыту мен тәрбиенің жүйесі».

**Мақсаты:** Жаңа оқу жылының мазмұнымен таныстыру

|   |   |              |
|---|---|--------------|
| 1. Жаңа оқу жылының жылдық жоспарымен таныстыру, талдау<br>2. Оқу қызметінің кестесін бекіту<br>3. Кадрларды топтар бойынша бөлу<br>4. Баяндама «Жаңартылған бағдарлама – білім берудің жаңа мазмұны»<br>5. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңының 8-тaraу, 59- бабының 4-тармағына сәйкес өзіндік аттестаттау туралы. Аттестаттау комиссиясының құрамын сайлау, бекіту.<br>6. Түрлі сұрақтар | Медбике<br><br>Өдіскер<br><br>Өдістемелік кеңес | 31.08.2021ж. |
|---|---|--------------|

### **Педагогикалық кеңес №2**

**Тақырыбы:** «Ел ертеңі – бүгінгі болашақ ұрпак».

**Мақсаты:** Балабақшадагы балалардың білім деңгейін көтеру

|   |  |              |
|---|--|--------------|
| 1. Педагогикалық аттестатсиялау бойынша күжаттар дайындау<br>2. Кеңес «Балабақшада баланың дені сау болу үшін неге көмектеседі?»<br>3. Денсаулық сактау технологиясының тиімді әдіс тәсілдерінің оқу қызметтеріне енгізу.<br>4. Ашық оқу қызметтерінің қорытындысы. | Өдіскер:<br><br>Медбике<br><br>Медбике | 22.10.2021ж. |
|---|--|--------------|

### **Педагогикалық кеңес № 3**

**Тақырыбы:** «Жарты жылдық жұмыстың қорытындысы».

|  |                            |              |
|--|----------------------------|--------------|
| 1. Іжарты жылдықтығы аралық мониторинг қорытындысы<br>№2 педагогикалық кеңестің қорытындысы.<br><br>2. Баяндама «Қылыш отбасындағы бала психологиясы»<br>3. Педагогтармен тәрбиешілердің жарты жылдық есебі.<br>4. Тәрбиешілердің шығармашылық тақырып бойынша өткізілген іс-шаралары. | Өдіскер<br><br>Тәрбиешілер | 11.01.2022ж. |
|--|----------------------------|--------------|

#### **Педагогикалық кенес № 4**

**Акырыбы:** «денсаулық сақтау технологияларын енгізу арқылы балалао мен МДҰ педагогтерінің салауатты өмір салтын қалыптастыру».

**Мақсаты:** Балабақшадағы сауықтыру-шынықтыру жұмысының деңгейін көтеру

|   |  |                   |
|---|--|-------------------|
| 1. Кенес «Балабақшада баланың дені сау болу үшін не көмектеседі?»<br>2. Денсаулық сақтау технологиясының тиімді әдіс тәсілдерінің оку қызметтеріне енгізу.<br>3. Денсаулық саласы бойынша ашық оқу қызметтерінің қорытындысы.<br>4. Психологиялық тренинг «Телефон» | <b>Әдіскер</b><br><br><b>Тәрбиешілер</b> | <b>18.04.2022</b> |
|---|--|-------------------|

#### **Педагогикалық кенес № 5**

**Тақырыбы:** «2021-2022 оқу жылының қорытындылары».

**Мақсаты:** Балабақшаның оқу тәрбие жұмысының жағдайын анықтау, келесі оқу жылының жұмыс бағытын белгілеу

|  |   |              |
|--|---|--------------|
| №4 пед кеңестің шешімдерін орындау, талдау жасау<br>2. Оқу процесінің жылдық қорытындысы<br>3. Тәрбиешілер мен педагогтардың мейірбілердің жылдық жоспары<br>4. Жаз мезгілінің жылдық жоспарымен таныстыру | <b>Әдіскер</b><br><br><b>Пед.ұжым.</b><br><br><b>Тәрбиешілер</b><br><br><b>Мед.бике</b> | <b>Мамыр</b> |
|--|---|--------------|

## **№1 педагогикалық кеңес хаттамасы**

**Откізілген уақыты: 31.08.2021**

**Түрі:** дәстүрлі (тұрақтандыру)

**Тақырыбы:** «Жаңартылған бағдарламаға сай мектепке дейінгі ұйымдарда оқыту мен тәрбиенің жүйесі».

**Мақсаты:** Жаңа оқу жылының мазмұнымен таныстыру

**Төрайымы:** Ж.Бердиева

**Хатшысы:** Д.Абдуллаева

**Қатысқандар саны: 10**

Менгеруші Ж.М.Бердиева

Әдіскер

Тәрбиешілер: 8

### **КҮН ТӘРТІБІ:**

1. Жаңа оқу жылының жылдық жоспарымен таныстыру, талдау
2. Оқу қызметінің кестесін бекіту
3. Кадрларды топтар бойынша бөлу
4. Баяндама «Жаңартылған бағдарлама – білім берудің жаңа мазмұны »
5. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңының 8-тарау, 59- бабының 4-тармағына сәйкес өзіндік аттестаттау туралы. Аттестаттау комиссиясының құрамын сайлау, бекіту.
6. Түрлі сұрақтар

### **ТЫҢДАЛДЫ:**

Бебекжай менгерушісі Ж.М.Бердиева педагогтерді жаңа оқу жылының басталуымен құттықтай отырып, күн тәртібінде қаралатын мәселелермен таныстыруды. Педагигикалық кеңестің құрамына білім беру үйымының басшысы (төраға), әдіскер, педагогтар, тәрбиешілер, психологиялық кіретіндігін айтты. Сонымен қатар, педагогикалық кеңестің өз құрамынан 1 жылдық мерзімге хатшы сайлау керектігін айта отырып 2021-2022 оқу жылында педагогикалық кеңестің хатшысы болып Д.Абдуллаева сайланғандығын естеріне түсіріп өтті.

### **СӨЗ СӨЙЛЕГЕН:**

Әдіскер у.м.а Ж.Бердиева 2021-2022 оқу жылында педагогикалық кеңестің хатшысы болып осы аталған адамдар кеңес хаттамасын сауатты жүргізіп, баяндама, хабарламашылардың материалдарын өз уақытында жинақтап отырғандығын айта отырып қайта сайлауды ұсынды. Педагигикалық кеңес құрамы бір ауыздан хатшы ретінде тәрбиеші Д.Абдуллаева мен Н.Шамуратованы -- сайлауды үйғарды.

### **1 ТЫҢДАЛДЫ:**

Күн тәртібінде қаралатын бірінші мәселе бойынша бебекжай менгерушісі Ж.Бердиева жылдық жоспардың бөлімімен, жасалу принципімен, балабақшаның жұмыс бағыты, мақсат, міндетімен таныстырып өтті. 2021-2022 оқу жылының жылдық жоспары 5 бөлімнен тұрады. 2021-2022 оқу жылына «Денсаулық сақтау технологиясын қолдану арқылы

ардың салауатты өмір салтын қалыптастыру» (ата-анамен жұмыс); «Сахналау ылы мектепке дейінгі балалардың сөйлеу қабілеттерін жетілдіру»; «Мектепке дейінгі әрбие мен оқыту» КР МЖМБС зерделеу және жан-жақты талқылау арқылы педагогтардың білімділігін арттыру» міндегі алынды. Жылдық жоспарда осы міндегтерді шешу мақсатында жұмыстар жоспарланған.

Тәрбиешілер өз білімдерін көтеру бойынша жұмыс бағыттарын әр тәрбиешінің келелі мәселесіне жеке-жеке тоқталып өтті. Бебекжай педагогтерге өздерінің алған мәселелері бойынша жоспарлары талқыланы. Сондай-ақ Ж.Бердиева - жылдық жоспарда семинар жоспарланғандығын айтты және кеңес беру жоспарланған. Оку жылына 5 педагогикалық кеңес, Зәдістемелік кеңес, 3 балалардың негізгі құзіреттілігінің қалыптасуын анықтау индикаторы жоспарланы. Бебекжайдың оку-тәрбие жұмысын басқару және бақылау бойынша оперативті, салыстырмалы, тақырыптық бақылаулар әр айға жоспарланы. Оқы жыл барысында тақырыптық оку қызметтері мен ертеңгіліктер және басқа да іс-шаралар жоспарланы. Ата-аналармен жұмыс бөлімінде 3 жалпы, 3 топтық ата-аналар жиналышы, кеңестер мен басқа да іс шаралар, ашық есік күндері жоспарланы. **2021-2022** оку жылының жылдық жоспарын бебекжайдың менгерушісі, әдіскері, психологі мен медбикесі және музыка жетекшісі бірігіп отырып құрды. Сондықтан осы айтылғандарды құптаймыз, жылдық жоспарға алып қосарымыз жок десеніздер бекітейік.

## 1. СӨЗ СӨЙЛЕГЕН:

Әдіскер у.м.а Ж.Бердиева жылдық жоспарда барлық педагогтің жоспарды жүзеге асыру рөлі, ұйымның мақсат-міндеттері, іс-әрекет және қызмет түрлерін іске асыру қызметі және іс-шараларды өткіzetін жауанты адамдар нақты көрсетілген. Сол себепті менін ойымша бекітуге болады деп ойлаймын деп өз ойын түйіндейді.

## 2. СӨЗ СӨЙЛЕГЕН:

Ж.Бердиева онда жылдық жоспарды бекіту үшін дауысқа салайық деп ұсыныс жасады. 2021-2022 оку жылының жылдық жоспарының бекітілуін бірауыздан қолдады.

### Тыңдалды :

Әдіскер у.м.а Ж.М.Бердиева

2021-2022 оку жылына құралған ұйымдастырылған қызметінің перспективтік жоспары Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 22 маусым күні бекітілген №391 бұйрығының 1-қосымшасында көрсетілген сағат саны мен Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің

Бес білім беру саласы бойынша оку қызметіне құрылған перспективтік жоспар төмендегідей.

Ортаңғы тобы үшін дene шынықтыру-108, музыка-54, көркем әдебиет-18, сейлеуді дамыту-36, құрастыру-18, сурет салу-36, аппликация-9, мұсіндеу-9, орыс тілі-18, экология негіздері-9, қоршаған ортамен танысу-9, қарапайым математикалық ұфымдарын қалыптастыру-36, вариативтік компонент-36 сағатқа; ересек топтары үшін дene шынықтыру-108, музыка-54, көркем әдебиет-18, сейлеуді дамыту-36, құрастыру-18, сурет салу-36, аппликация-18, мұсіндеу-18, орыс тілі-18, экология негіздері-9, қоршаған ортамен танысу-9, қарапайым математикалық ұфымдарды қалыптастыру-36, вариативтік компонент-2 сағат; мектепалды топтары үшін дene шынықтыру-90, қауіпсіз мінез құлық негіздері-18, музыка-72, көркем әдебиет-18, сейлеуді дамыту-18, құрастыру-18, сурет салу-36, аппликация-36, мұсіндеу-36, ағылшын тілі-36, орыс тілі - 36, экология негіздері-9, қоршаған ортамен танысу-9, қарапайым математикалық ұфымдарды қалыптастыру-36, өзін-өзі тану-36, вариативтік компонент 3 сағатқа жоспарланған. Енді осы бес білім беру

Л бойынша жылына 2 рет бірінші және екінші жарты жылдық бойынша балалардың у мониторингін қамтамасыз ету мақсатында индикатор жүргізілетіндігіне тоқталды. Ондай-ақ барлық топқа баланың қалыпты дамуына және оның денсаулығын нығайтуға мүмкіндік беретін күн тәртібі құрылды. Күн тәртібі Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 17 наурыздағы № 217 бұйрығымен бекітілген «Балаларды мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқыту объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларының З кестесіне сәйкес құрылды (материалдары қосымша беріліп отыр). Барлық топ тәрбиешілері тақырыптық жоспарымен таныстырып өтті.

### **3. Тыңдалды**

Бөбекжай менгерушісі Ж.Бердиева педагогтардың біліктілігіне санатына байланысты кадр мүшелерін топтарға бөлді. Және әр тірбиеші өз ісіне мүқият әрі талапқа сай қарауын, балаларды жаңа бағдарлама, жаңа технологияны пайдалана отырып ойлау қабілеттерімен сөйлеу мәнерінің дамуына үлестерін аямай қосуды айтып кетті.

### **4 Тыңдалды :**

Ж.Бердиева кадр мүшелеріне «Жаңартылған бағдарлама-білім берудің жаңа мазмұны» атты баяндамасымен таныстырыды. Баяндама талқыланды, балаға көп көңіл бөлу керектігі жайлы айттылды. Бағдарлама аясында педагог үшін мыналар маңызды болмақ: Педагог шебер сұрақ коюшы болуы қажет, себебі? Ықтимал себептері Оқудағы олқылықтарды анықтау үшін; Балалардың ойларын бағыттау үшін; Бағалау үшін; Келесі сұрақтарға түрткі болу үшін; Тақырыпты қайта қарау үшін; Қызығушылықты немесе білуге құмарлықты ояту үшін; Күрделендіру үшін; Сұрақ-жауап пен сын тұрғысынан ойлауды модельдеу үшін; Түсінуге көмектесу үшін; Бағамдау үшін. Білім берудің жаңарту жолдары Біліктілікті арттыру бағдарламасының негізгі мазмұнындағы модульдер: 1. Білім беру мен білім алудағы жаңа тәсілдер. 2. Сыни тұрғыдан ойлауға үйрету. 3. Білім беру үшін бағалау және оқуды бағалау. 4. Білім беруде ақпараттық – коммуникациялық технологияларды пайдалану. 5. Талантты және дарынды балаларды оқыту. 6. балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес білім беру және оқыту қажеттігін атап өтті, және слайд түрінде түсіндіріліп анық тақырып қозғалды.

### **5.ТЫҢДАЛДЫ: Ж.Бердиева**

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңының 8-тaraу, 59- бабының 4- тармағына сәйкес өзіндік атtestаттау өткізіletіндігін айттып өтті.. Сол себепті өзіндік атtestаттау өткізу үшін атtestаттау комиссиясының құрамын сайлауға шақырды. Атtestаттау комиссиясының құрамына атtestаттау комиссиясының төрағасы, төраға орынбасары, атtestаттау комиссиясының мүшелері енгізіледі. Енді осы сұрақ бойынша пікірлерінізді ортаға салсаңыздар.

### **1.СӨЗ СӨЙЛЕГЕН: Ж.Бердиева**

Атtestаттау комиссиясының төрайымы ретінде Ж.Бердиева , мүшелері ретінде Ш.Нажимованы мед.бике сайлауды ұсынамын деп сөзін аяқтады

6. Сөйлегендер: Тәрбиеші Д.Тойчибаева биылғы оку қызметтерінің сағат саны жайлы сұрады..

**ДЕШІМ:**

2021-2022 оқу жылының жылдық міндеттемесімен, жылдық жоспары бекітілсін. Жылдық жоспар негізінде ай сайын айлық жоспар жасалынып, жоспарланған іс-шаралар уақытылы өткізілсін. Жауапты Ж.Бердиева Орындалу мерзімі оқу жылы барысында.

Жас топтарына сәйкес құрылған оқу жоспары, күн тәртібі, оқу қызметінің жүктемелік кестесі және перспективтік жоспары бекітілсін. Ұйымдастырылған оқу қызметі бекітілген оқу жоспары мен жүктемеге, перспективтік жоспарға сәйкес жүргізілсін. Жауапты топ тәрбиешілері. Орындалу мерзімі оқу жылы барысында.

Аттестаттау комиссиясының төрайымы болып бөбекжай меңгерушісі Ж.М.Бердиева, мүшшелері болып Ш.Нажимова сайлансын.

Жауапты Ж.Бердиева

**Педагогикалық кеңес төрайымы**

**Хатшы**

**Ж.М.Бердиева**

**Д.Абдуллаева**

## №2 педагогикалық кеңес хаттамасы

Откізілген уақыты: 22.10.2021 жыл

Түрі: дәстүрлі (тұрақтандыру)

Тақырыбы: «Ел ертеңі – бүгінгі болашақ үрпак».

Мақсаты: Бебекжайдагы балалардың білім деңгейін көтеру

Төрайымы: Ж.М.Бердиева

Хатшысы: Д.Абдулаева

Катысқандар саны:12

Менгеруші:Ж.М.Бердиева

Әдіскер ума: Ш.Нажимова

Тәрбиешілер:9

Педагогтар:2

### КҮН ТӘРТІБІ:

1. Педагогикалық аттестациялау бойынша құжаттар дайындау
2. Кеңес «Балабақшада баланың дені сау болу үшін не көмектеседі?»
3. Денсаулық сақтау технологиясының тиімді әдіс тәсілдерінің оқу қызметтеріне енгізу.
4. Ашық оқу қызметтерінің қорытындысы.

Балабақшамыздың менгерушісі Ж.М.Бердиева педагогикалық кеңесті ашып берді. Балабақшаны одан әрі көркейтіп, дамытып, ұжым мүшелеріне ұйымшылдықпен бірге жұмыс жасауға шақырды. Одан әрі қарай балабақша әдіскеріне сөз кезегі берілді.

#### 1.Тыңдалды:

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңының 8-тарау, 59- бабының 4-тармағына сәйкес өзіндік аттестаттау өткізілетіндігін айтЫП өтті.. Сол себепті өзіндік аттестаттау өткізу үшін аттестаттау комиссиясының құрамын сайлауға шақырды. Аттестаттау комиссиясының құрамына аттестаттау комиссиясының төрағасы, төраға орынбасары, аттестаттау комиссиясының мүшелері енгізіледі. Енді осы сұрақ бойынша пікірлерізді ортаға салсаныздар.

2.Тыңдалды :Балабақша әдіскері ума Ш.Нажимова сөз алғып, Балалақшада балалардың дені сау болып өсуі үшін ең басты қағидаларды атап өтті. Балалар мекемелерінде дene тәрбиесінің мазмұны жүргізуіне , дene жаттығулары, табигаттың сауықтыруыш күші, гигиеналық және әлеуметтік – тұрмыстық факторлар қолданылуы туралы, дene жаттығуы- дene тәрбиесінің негізгі және ерекше құралы, ол педагогтың арнайы ірікten алған, әдістемелік дұрыс ұйымдастырылған және басқаруға болатын қозғалыс пен қозғалыс қызметінің күрделі тұрларін қамтитынын айтЫП кетті.. Дене жаттығуы баланың жан- жақты жетілуіне ықпал ететіндігін,Дене тәрбиесінің негізгі мазмұны денені жаттықтыру болып табылатындығын атап, мынадай тұрларге бөлінуін көрсеті.

- Таңертенгілік жаттығу
- Қимыл- қозғалыс ойындары, спорт ойындары.
- Спорттық жаттығулар.

Балабақшадағы дene тәрбиесін ұйымдастырудың түрлері: күн әртібі бойынша сауықтыру шаралары ( таңертенгілік жаттығу, қимыл- қозғалыс ойындары, серуен кезіндегі жаттығулар мен спорттық ойындар, сергіту сәттері , ауладан тыс жерге саяхат жасау, спорттық ойын сауықтар).

Дене шынықтыру балалардың денсаулығын сақтап, нығайтатындығын және дene мүсінінің сұлулығын қалыптастырып, қимыл- қозғалыс қабілетінің белсенділігін арттыруына ықпал ететіндігін айта өтті.. Дені сау, рухы таза ұрпақ өсіру ең маңызды мәселе дей отырып, біздің балабақшадағы басты міндетіміз: баланың денсаулығын нығайту, шынықтыру, түрлі аурулардың алдын-алу сақтану жұмыстарын дәстүрден тыс әдістерді қолдану арқылы жүргізілед деп сөзін аяқтады.

**Сөз сөйлеген : Тәрбиеші Н.Шамуратова** Балабақшадағы балалардың дени сау болып өсу үшін осы кенестерді ескере отырып жұмыс жасайтындығын айттып өтті.

**3. Тыңдалды: Әдіскер ума Ш.Нажимова** Балабақшага таңертенгі келген уақыттан бастап Күн тәртібі бойынша сауықтыру шараларын (Таңғы жаттығу, қимылдық ойындар, сергіту сәттері, серуен кезіндегі спорттық ойындар мен жаттығулар, спорттық мерекелер, ойын – сауықтар) өткіzetіндігіміз туралы айттып, Дене шынықтыру оқу қызметі балаларды қимылға үйретудің негізгі қалыбы болып табылатындығын айтты . Ол әрбір жас топтарында аптасына 2-3 рет өткізіледі. Дені сау, рухы таза ұрпақ өсіру ең маңызды мәселе дей отырып, біздің балабақшадағы басты міндетіміз: баланың денсаулығын нығайту, шынықтыру, түрлі аурулардың алдын-алу сақтану жұмыстарын дәстүрден тыс әдістерді қолдану арқылы жүргізіледі. Денсаулықты нығайту мақсатында түрлі спорттық сауықтыру жұмыстарын ұйымдастырады. Оган

Шынықтыру жұмыстары күн, су, ауа, су құю, сұртіну

Дене шынықтыру оқу іс- әрекеті таза ауадағы қимылдық ойындар.

Денсаулықты жақсарту мәселелерін шешу әдістері.

Дәрумендер теропиясы

Психо жаттығулар

Жалпақ табан, омыртқаның қисауының алдын- алу.

Дем алу, сергіту жаттығулары.

Осы кесте бойынша барлық топтарда жұмыстар жүргізілетіндігін айттып өтті

**4. Тыңдалды: Менгеруші Ж.Бердиева** сөз алып, өтілген ашық оқу қызметінің жақсы өтілгендігін ,Қатынас саласының «Алтын күз » тақырыбы балалардың сөйлеу мәнерінің дамуына , ой-өрісінің дамуына үлкен септігін тигізетіндігін айттып өтті. Алдағы уақытта осындағы ашық сабактарда жас мамандардың мұқият қатысып, ой түртіп алуын ескерте кетті. Сонымен катар ашық оқу қызметінде көрнекіліктің өте керемет екендігін , балалардың назарын тәрбиеші бірден өзіне қарату жағдайының бар екендігін айта өтті, бұл дегеніміз балардың сабакта қызыға қарайтындығын көп нәрсені ойына түйетіндігін айта өтті.

**1 Сөз сөйлегендер:** Әдіскер ума Ш.Нажимова ашық оқу қызметінің жақсы дәрежеде өткендігін айта келе тақырып, көрнекіліктер жас ерекшелігіне сай екендігін айтты. Балалардың әр оқу қызметінде белсене қатысатындығының көрініп түрғандығын айта кетті.

## **Шешім: ШЕШІМ:**

1. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңының 8-тaraу, 59- бабының 4-тармағына сәйкес өзіндік аттестаттаудан өтетін педагогтардың тізімі бекітілсін.
2. Еңбасты мәселе бала денсаулығының жақсы қалыптасуы мәселесі екендігін ескере отырып, айтылып өтілген кенестерді әрбір оку қызметінде қолданылуы талап етілсін.
3. Денсаулықты нығайту мақсатында түрлі спорттық сауықтыру жұмыстарын ұйымдастыру қолға алынсын.
4. Жас мамандардың ашық оку қызметіне қатысуы қадағалалансын.

**Педагогикалық кенес төрайымы**

**Ж.М.Бердиева**

**Хатшы**

**Д.Абдуллаева**